

ШОҚО ӘЛЕМ

Алоэна кұриясы



АСТАНА КІТАП

Алматы

2022

ӘОЖ 821.512.122-93

КБЖ 84 (5Қаз)

С24

Сауытбай Р.

С24 **Шоко әлем. Алоэна құпиясы.** / Рустем Сауытбай.

– Алматы, 2022. – 416 бет.

ISBN 978-601-7595-96-8

Қарапайым отбасынан шыққан Элия мен Райл арқуа мектебінде ары қарай өз деңгейін арттырып жатыр. Бірақ Райлға күтпеген жерден алыс сапарға шығуға тура келеді. Ащы жақты таңдаған Ертуан болса, оқиғалар желісіне ықпал ете бастайды. Ал Эллипсаһар мектебіндегілер мәндітас табуға мәжбүр болады. Өйткені алдағы уақытта көп нәрсені тастардағы күш шешпек. Оларды миллиардтаған «Альс» пен «Қһ» шайқасы күтіп тұр...

ӘОЖ 821.512.122-93

КБЖ 84 (5Қаз)

ISBN 978-601-7595-96-8

©Сауытбай Р.С., 2022



Қараңғы үңгірдің ішінде әлсіреген біреудің терең тыныстап жатқан үні шығады. Бұл Митр Дожан еді. Оның мұнда ес-түссіз жатып қалғанына бірнеше күн болды. Бірақ шар сол қалпы қасында. Шар болмағанда ол тірі қалмас па еді, бәлкім. Ол әлі де тым әлсіз. Митр бұлай жата берсе аяққа тұрып кетуі екіталай.

Бір кезде біреудің аяқ дыбысы естілді. Кім болса да баяу жақындап келеді. Бұл – тұздейімдіктер патшасы Удай Қаруас еді. Ол шам жағып айналаны жарық қылды. Жерде ауыр жарақат алған Митр жатыр. Одан бір метр ары жатқан сиқырлы шарға көзі түсті. Шар сол қалпы – доп-домалақ. Бірақ ішіндегі күші бұрынғыдай емес екені айдан анық. Түсі өзгеріп кеткен.

– Байғұс бала... Мұнда кеп тығылған екенсің ғой, – деді ол әдеттегі зілді дауысымен.

Тұздейімдіктер патшасы жақынырақ келіп, етпетінен жатқан Митрді аударып жіберді. Кеудесін ұстап көрді.

– Тірі, әйтеуір.



Митрдің беті қап-қара боп күйіп кеткен. Біреу қара бояу жағып қойған сияқты көрінді. Бұл Арпиантайхтағы шайқастан соң, ал дәлірек айтқанда Райлдың соққысынан кейін пайда болған.

Қаруас шарды алып сыртқа шығып кетті. Сыртта бірнеше тұздейімдік сарбаз тұз жалап тұр екен. Ал түнгі аспанда жұлдыздар арасынан төртбұрышты ай көрінеді.

– Ішке кіріп баланы алып шығындар, – деді ол ащы дауысымен. – Абайлап көтеріңдер, ол бізге керек.

Ішке төрт сарбаз кіріп, Митрді алып шықты. Оны бірден кілембусқа жатқызып, ұшуға дайындалды. Арт жақтан даңғыр-дұңғыр еткен леген дыбыстары шықты. Әскер қатарында әлі легенмен ұшып жүргендер бар болатын.

– Ақырын!! – деп Қаруас айқай салды. Оның дауысы легендерден де қатты шықты. – Қазір маңайымызда аркуандар жүрсе, естіп қоюы мүмкін. Олар онсыз да Митрді іздеп жүр.

Бірнеше минуттан соң бұл тұздейімдіктер солтүстікке қарай ұшып бара жатты. Айдың жарығы Митрдің қара жүзіне түсіп, оның жарақаттарын анық көрсетті. Ол әлі ес-түссіз талып жатыр. Бағыт – Гагри атты емші кемпірдің үйі. Ол да қара сиқырмен айналысатын. Оған тез арада жетпесе, Митр шыдамауы мүмкін. Сондықтан олар бірінші кезекте сол шаман кемпірге жетуі керек. Негізі шығыс жақта, Хоруман тауларында тығылатын жерлер бар. Бірақ Митр үшін тәуекелге баруға тура келді.



Бірнеше сағаттан соң олар көздеген жерге жетті. Гагри ну орманның арасында өзі жалғыз тұратын. Қаруас жерге қона салысымен ескі сағыз үйдің есігін ақырын ғана қақты. Үй иесі есікті бірден ашып жіберді. Мұны күтпеген Қаруас қалт етті. Сөйтсе шаман кемпір есік қағылмай жатып ұйқысынан тұрған екен. Ол аса сезімтал еді. Ол қонақ келе жатқанын алдын ала сезіп бұларды күтіп отырған болатын.

– Қаруас?! Не керек?

– Сәлем, Гагри, шұғыл көмегің қажет, – деді ол ақырын дауыспен. – Оны аркуандар жарақаттады, – деп Митрді нұсқады.

– Аркуандар?! Осы аркуандардың көзін әлі құрта алмадыңдар ма? Хермес маған соңғы кезде жақсы жаңалықтар айтып жүрген еді, – деп кемпір баспалдақтан төмен түсіп оларға жақындады. – Осы қолдарыңнан түк те келмейді. Не емдеу, не соғысу...

– Истискал енді жоқ. Хермес қамауда, – деді қысқаша Қаруас қабағын кіржитіп.

– Неее?!

– Өзіміз әрең қашып құтылдық. Әйтеуір, мына Митрдің қайда қашып бара жатқанын байқап қалған едік, кейін әрең дегенде тауып алдық. Арпиантайхтың қақпасы ашылмағанда ол да қаша алмайтын еді. Оның ғана жолы болды. Қалған қарсундарға бұйырмады.

– Қарсундардың күні қараң десеңші.

– Жоқ, бәрі әлі алда. Истискал бізге қара сиқыр жайлы



көп құнды мағлұмат тастап кетті. Алдымен мына баланы емдеу керек, мұның біз үшін маңызы зор, – деді ол Митрді меңзеп.

– Қане көрейін, – деп кемпір кілемнің үстінде жатқан Митрге жақындады. Ол баланың қолынан ұстап көреді. – Қатты жарақаттаныпты. Оны осында бірнеше күнге тастап кеткенің жөн. Ұзақ уақыт емделеді. Мен оны жақсылап жасырып қоямын.

– Онда біз кетейік. Саған сенемін, Гагри. Сый-сыяпат артынан болады, – деді Қаруас байсалды кейіппен.

– О-о, бұл жолы керек емес, керек емес. Дұшпанымыз ортақ қой. Өздеріңнің жағдайларың да мәз емес сияқты. Кейін бәрі реттелгенде сөйлесерміз, – деді Гагри жымыып.

– Митрге қашан келейік?

– Екі аптадан соң соғып кетіңдер. Сөз бере алмаймын, алайда оған дейін тәуір болып қалуы керек.

– Онда біз кетейік. Енді сақ болуымыз қажет. Онсыз да бұрын жасырынып жүретін едік, қазір тіпті тышқандар сияқты жер астындағы үңгір жолдармен жүретін болдық. Аркуа күші жердің астына қатты әсер ете алмайды ғой. Енді кезінде Истискал отырғандай біз де інде отырамыз.

– Хи-хи-хи...

– Құлме, Гагри, бұл жолы жағдайымыз ондай мүшкіл емес. Бізде мағлұмат пен тәжірибе бар. Ал бұрын бұлар болған жоқ. Ал сен неге Қарһлан мектебіне келмедің? – деп Қаруас төтесінен сұрақ қойды.

